



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 10/395

13 марта 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

29-СӘУІР – ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ КҮНІ

Н.А. НАЗАРБАЕВ ПРИМЕТ УЧАСТИЕ В ПРЕЗИДЕНТСКИХ ВЫБОРАХ

Глава государства считает, что участвовать в выборах нужно, имея программы по улучшению благосостояния страны.

Нурсултан Назарбаев заявил об участии в президентских выборах, передает корреспондент **Kazpravda.kz**.

кандидатуру Назарбаева Н.А. предложил член "Нур Отана" Кенжегали Сагадиев. "Мы должны выдвинуть кандидата в президенты Республики Казахстан. Со времен обсуждения этого вопроса во всех регионах страны, политических кругах, интеллигенции, среди всего населения звучит одна идея: Нурсултан



"Я пришел сюда и выступаю перед вами. Наверное, я соглашусь о выдвижении моей кандидатуры с одной лишь целью, чтобы предложить новые задачи. На вопрос, каким должен быть президент, человек должен идти на выборы, если у тебя есть набор программ, за счет которых ты хочешь улучшить жизнь своего народа. Если таких целей и задач нет, то нечего туда ходить", – сказал он на XVI Съезде партии "Нур Отан".

Напомним, в ходе Съезда выдвинуть

Назарбаев – самый достойный кандидат в президенты страны. Мы тоже придем к этому мнению. Учитывая все это, уважаемые делегаты, от имени партии мы должны выдвинуть кандидатуру Нурсултана Назарбаева на пост президента и должны получить его согласие", – сказал член партии Кенжегали Сагадиев, обращаясь к участникам Съезда.

источник: www.kazpravda.kz

ЕЛІНЕ ИЕ, ХАЛҚЫНА КИЕ

Ағымдағы ылдың 11 наурызында Астана қаласында «НұрОтан» партиясының XVI съезі өтіп, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауына қатысуға келісім бергендігі белгілі болғанын.

Ғасырлар тоғысында тәуелсіздігін алған жас мемлекетіміздің керегесін кеңейтіп, шаңырағын биіктетуге, төрткүл дүниеге қазақ деген жұрт барын жариялауға бар күш-жігерін, білімі мен білігін, қайраткерлігі мен саясаткерлігін, даналығы мен дарынан танытып жүрген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлі де еліне ие, халқына кие болып қала беруді ел-жұрты қалайтыны анық екеніне күмәнім жоқ. Әлемді теңселтіп тұрған экономикалық дағдарыстың үдесінен шығып, халқының жүдеушілік күн кешуіне жол бермейтін басшы болса, соның бірі әрі бірегейі осы кісі. Аяқ астынан келген тәуелсіздіктің алғашқы алмағайып жылдарынан елін

аман-сау қазіргі бейбіт те, берекелі заманға алып келеген Елбасымыздың қазіргі қиындықтан да Қазақстан халқын жетелеп шығарына сенімдімін.

Бұл додаға талайлар түсіп, бағын сынауға әрекет етіп жатқанын күнделікті жаңалықтардан көріп, тындап, саяси жағдайға құлақ түріп отырмыз. «Жүйрік-тен де жүйрік бар, әліне қарап шабатын» - дейді халқымыз. Әр азаматтың сайлауға түсу құқығын ешкім шектей алмайды. Сайлауға түссін, елдің көзқарасын, танымын, таңдауын көрсін. Түбінде көпшілік қауымның Елбасымыздың әрі қарай елін бастауына сенім білдіретіні кәміл. Қазіргі кездегі халықтың қалауы белгілі, ол – елдің тұтастығы, бірлігі мен ынтымағы, әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсы болуы, ең бастысы – бейбіт қатар өмір сүру. Біздің таңдаған жолымыз даңғыл және бағытымыз дұрыс.

Әділхан НАУШАРУАНОВ,
ардагер ұстаз

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА 20 ЖЫЛ

БІЗДІҢ ҰРАНЫМЫЗ – ЕЛДІҢ БІРЛІГІ



«Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша, келешекте мемлекеттің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес». Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айқындаған қазақстандық ұстаным. Ал мұндай өзекті саясатты жүзеге асырудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының орны бөлек. Өйткені, Ассамблеяның ең басты міндеті – еліміздегі қоғамдық келісім мен ұлтаралық татулықты сақтау.

Расында, қазіргі заман той тойлайтын емес, ой ойлайтын заман, ойланатын кезең. Өйткені, бүгінгі жаһандық даму дөңгелегін алсақ, әлемнің бірқатар мемлекетінің орнықты дамуына этносаралық қақтығыстар, діни алауыздықтар мен аймақтық жанжалдар қатерін төгіп тұрғаны шындық. Ал ондай жанжалдар қысымы жібимесе, елдің экономикасын көтеру, халықтың әлауқатын арттырып, еңсесін тіктеу деген мәселенің бәрі де өздігінен екінші орынға сырғитыны бесенеден белгілі. Құдайға шүкіршілік етуіміз керек, Қазақстан этностар арасындағы татулық, бейбітшілік пен бірлік мәселесін әу бастан-ақ жүйелі түрде шеше білді. Шешіп қана қойған жоқ, елімізде татулық пен келісімнің бірегей «қазақстандық үлгісі» қалыптасып, бұған әлемнің көптеген елдері қызығушылық таныта бастады. Міне, дәл осы тұрғыдан алғанда елдіктің өлшемі мен тұрақтылықтың тұтқасына айналған Ассамблеяның 20 жылдығын мерекелеп, оған мемлекеттік мән берілуінің де өзіндік орны бар деп білеміз.

Әуелгі жылдардан бастасақ, Қазақстанның тәуелсіздік ақиқатына қол жеткізген тұстарында ұлтаралық татулық пен тұрақтылық елдің ең бірінші кезектегі мәселесі болатын. Өйткені, көпұлттылықты меңзегендер «ел болуларың екіталай» - деп жас Тәуелсіз елге қатысты түрлі болжамдар жасағанды. «Қазақстанда халықтар арасында қақтығыстар қаупі зор» - дегендер көп еді. Алайда, сол тұстағы мығым саясаттың нәтижесінде елдімізге сызат түскен емес. Сызатты түсірмеудің саясаты сол жылдары да айқын жолға қойылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1992-жылы Тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халқының форумында Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы тың идеяны алға тартқан еді. Кейін бұл идея қоғам арасында да қызу қолдауға ие болды, этностар өкілдері қолдады. Сөйтіп, 1995-жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы тарихи Жарлыққа қол қойды. Осылайша, өмірге келіп, Қазақстан қоғамына қадам басқан Ассамблеяның алғашқы сессиясында Мемлекет басшысы: «Мен елімнің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Бірлік аспаннан өзі келіп түспейді, тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мен кең-байтақ жерімізде татулық пен тыныштық болғанын тілеймін. Мұның, ең алдымен, миллиондаған қазақстандық отбасына керек екенін еске ала-

мын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, сәбилердің мүгедек болмауын, қарт адамдардың күйреген үйлерінің алдында қасірет шегіп, жыламағанын қалаймын», - деп мәлімдеген болатын.

Ассамблеяның басты ұраны – Ел бірлігі! Міне, осынау тарихи бастаманың өмірге енгеніне быыл 20 жыл толыпты. Мерейтойы мемлекеттік деңгейде ұлықталуы тиіс Ассамблея осы жылдар ішінде өзінің лайықты орнын иеленді. Елбасының көрген саясатының арқасында Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жасалған қадамы өз жемісін беріп, жұртшылықты жетістікке бастады, ең бастысы – Ассамблея татулық пен тыныштықтың, Тәуелсіздіктің тірегіне айналды. Осындай киелі құбылысты нығайта түсу мақсатында биылғы 2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланған болатын. Сондықтан да, табалдырықтан аттағаннан бастап Қой жылында елдің түкпір-түкпірінде осынау мерейтойға арналған шаралар бастау алды.

Шындығында, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституцияның 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы секілді мемлекеттік маңызды мерейтойлар қатарында аталып тұр. Атап қана қоймай, тұтастай бір жылды осынау бірегей институтқа арнағалы отырмыз. Мәселені қай тұрғыдан алсақ та, Ассамблеяның қоғамдағы орнының маңыздылығын мейлінше түсінер едік. Өйткені, Ассамблеяның басты ұраны – Ел бірлігі! Ал бірлік болмайтын жерде береке де, тірлік те болмайтыны бесенеден белгілі, бұл жайында бабалардан қалған даналық ой, асыл сөздер де жеткілікті. «Бақ қайда барасын? Бірлігі жарасқан елге барамын!» демеп пе еді сондай даналықтың бірі. Түптеп келгенде, Тәуелсіздік жылдарынан беріге қарай жеткен әрбір жетістіктің, асқан әрбір асудың өзегінде – елдегі тыныштық пен тұрақтылық, бейбітшілік пен бірлік жатқаны да ақиқат. Ал, бірлік туралы сөз болғанда ең алдымен Қазақ халқының өзінің ішкі бірлігін нығайта түсу мәселесінің де өзекті болатыны түсінікті. Ендеше, Қазақ жеріндегі бейбітшілік үшін тікелей жауапкершілік қазақтың өзінде деген сөз. Қазақстан халқы Ассамблеясы татулық пен ынтымақтас-тықы дәріптеудің «қазақстандық үлгісіне» айналды.

Біздің қаламыз шағын болғанымен, біраз ұлттар мен ұлыстардың өкілдері бір атаның баласындай тату-тәтті тіршілік етуде. Арада алауыздық болмаған жерде бақ-береке, ырыс-құт болады. Қандай мерекелік шара болса да, бұндағы жұрт біргелікте атап өтеді, өз көңілін білдіріп, құттықтап жатады. Соңғы жылдары орыс тілді ұлттардың мемлекеттік тілді үйренуге болған құлшынысының артып келе жатқаны қуантады. Бүгінде көптеген отбасылар балаларын қазақ балабақшасына, қазақ мектебіне беруде. Бұл – олардың еліміздің болашағына сенгендігінің, қазақ халқын сыйлағандығының арқасы деп білеміз. Арамыздағы татулық, бірлік, ынтымақ тіні бізді жарқын болашаққа бастайтынына сеніміміз кәміл.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Үстіміздегі жылдың 29-наурызында қалалық мәслихаттың шығып кеткен депутатының орнына сайлау өтетіні туралы көпшілік тұрғындар хабардар болмауы мүмкін. Сайлауға дайындықтың барысы және осы сайлауға түсетін үміткерлер жайлы мәлімет алу мақсатында сайлау комиссиясының төрағасы Алтай Исатаевпен газеттің арнаулы тілшісі сұқбаттасқан еді, осы сұқбатты оқырмандар назарына ұсынамыз.

Тілші: –Қала бойынша мәслихаттың шығып қалған депутатының орнына сайлау өткізуге байланысты қандай жұмыстар атқарылуда?

Исатаев А.: –Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының 2015-жылғы 29-қаңтардағы №1 шешіміне сәйкес Приозерск қалалық мәслихаттың №5 округ бойынша шығып қалған депутатының орнына сайлау өткізу тағайындалған болатын. Осыған орай сайлау өткізудің күнтізбелік жоспары дайындалған. Жоспарға сәйкес сайлаушылар назарына жеткізу мақсатында жергілікті бұқаралық ақпарат құралы арқылы Аумақтық сайлау комиссиясының құрамы, округтік сайлау комиссияларының құрамы, орналасу шекарасы, орналасқан орны, учаскелік сайлау комиссиясының құрамы, орналасқан жері туралы хабарландыру жарияланды. Дауыс беретін сайлаушылардың тізімдері дайындалды. Үміткерлердің баспа үгіт материалдарын ілу орындары және сайлаушылармен кездесу өткізетін орны белгіленді.

Тілші: –Депутаттыққа үміткер ретінде қанша кісі тіркелді?

Исатаев А.: –Барлығы депутаттыққа үміткер ретінде осы күнге дейін 3 азамат тіркелді. Олар: Халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы Ерик Таткенович Балтышев, «Приозерск қалалық ауруханасы» директорының ШЖ бойынша орынбасары Руслан Еркінбаевич Галимжанов және жеке кәсіпкер Нургазы Байжанович Ахметбековтер. Тіркелген кандидат-



тар жөнінде ақпарат жариялау үшін жергілікті бұқаралық ақпарат құралына жіберілді. Бүгінгі күнге үміткерлер сайлаушылармен үгіт-насихат жұмысын жүргізуде.

Тілші: –Сайлаушылар өздерін сайлаушылар тізіміндерінде барын немесе жоқтығын анықтау үшін қайда хабарласуға болды?

Исатаев А.: –779 учаскелік сайлау комиссиясы Достық көшесі 20-үй, яғни №2 мектептің мәжіліс залында орналасқан. Байланыс телефоны: 5-29-03, 5-30-79 наурыз айының 14-жұлдызынан бастап сайлау учаскесінде кезекшілік ұйымдастырылады.

Тілші: –Сайлаушылар сайлау өтетіндігі туралы толық ақпараттың бар ма?

Исатаев А.: –Учаскелік комиссия құрамы сайлаушылар тізімін нақтылау кезінде сайлаушыларға хабарланды, сонымен қатар 20-наурыздан кешіктірмей сайлаушыларға сайлауға шақыру қағаздары таратылатын болады.

Тілші: –Сайлаушыларға айтатын қандай да бір өтініш, тілектеріңіз бар ма?

Исатаев А.: –Құрметті сайлаушылар! Сайлауға бір кісідей атсалысып, өздеріңіздің қалаған үміткерлеріңізге дауыс беріп, өз таңдауларыңызды жасаныздар. Рахмет!

Сұқбатты жүргізген
Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

№ 5 сайлау округі бойынша Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлердің сайлаушылармен кездесу кестесі

№	Қалалық мәслихат депутаттығына үміткердің А.Ж.Т.	Кездесу күні	Кездесу орны
1	Ахметбеков Нұрғазы Байжанұлы	16.03.2015ж. 16.00	«Тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» коммуналдық қазыналық кәсіпорынның мәжіліс залы
2	Ғалымжанов Руслан Еркінбайұлы	17.03.2015ж. 16.00	«Тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» коммуналдық қазыналық кәсіпорынның мәжіліс залы
3	Балтышев Ерик Таткеноұлы	18.03.2015ж. 16.00	«Тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» коммуналдық қазыналық кәсіпорынның мәжіліс залы

Приозерск қалалық аумақтық сайлау комиссиясы

ГРАФИК ВСТРЕЧ кандидатов в депутаты Приозерского городского маслихата по избирательному округу № 5 с избирателями

№	Ф.И.О. кандидата в депутаты городского маслихата	Дата встреч	Место проведения встреч
1	Ахметбеков Нургазы Байжанович	16.03.2015г. 16.00	Актовый зал коммунального государственного предприятия «Управление жилищно-коммунального реформирования»
2	Галимжанов Руслан Еркінбаевич	17.03.2015г. 16.00	Актовый зал коммунального государственного предприятия «Управление жилищно-коммунального реформирования»
3	Балтышев Ерик Таткенович	18.03.2015г. 16.00	Актовый зал коммунального государственного предприятия «Управление жилищно-коммунального реформирования»

Приозерская городская территориальная избирательная комиссия

СИМВОЛЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – НАЦИОНАЛЬНАЯ ГОРДОСТЬ

Комиссией при акиме города Приозерск проводится работа по пропаганде и применению государственных символов. Заседания комиссии проводятся ежеквартально, на которых рассматриваются вопросы согласно утвержденного плана работы. В 2014 году на расширенных аппаратных совещаниях рассматривались вопросы относительно правильного использования государственных символов РК 3 раза, в текущем 2015 году 1 раз. Городской комиссией проведена проверка на предмет соблюдения Закона «О государственных символах» и была оказана методическая помощь по применению и пропаганде государственных символов в государственных, бюджетных организациях, в учреждениях образования и войсковых частях.

Отделом внутренней политики ведется мониторинг по замене государственных символов в организациях и учреждениях города. В бюджетных организациях, финансируемых из местного и республиканского бюджетов, а это в 30 учреждениях 52 государственных флага, 48 государственных герба были заменены на стандартные. Всеми учреждениями города заключены договора с фирмами, имеющими лицензию на производство символики. Во всех организациях государственные символы, не соответствующие стандартам, уничтожены в соответствии с Правилами. Государственные символы в учреждениях города размещены в соответствии с Законом РК. На реализацию государственной политики в области пропаганды и применения государственной символики с местного бюджета выделена в 2014 году 100,0 тыс.тенге на проведение акции посвященного Дню государственной символики, в 2015 году 500,0 тыс.тенге через государственный социальный заказ, планируется проведение научно-практической конференции по патриотическому воспитанию «Мәңгілік елім, Қазақстаным».

В целях воспитания подрастающего поколения с начала 2015 года по пропаганде государственных символов проведены ряд мероприятий:

Находят применение государственные символы и в проведении спортивных мероприятий. При открытии и закрытии спортивных мероприятий исполняется государственный гимн и поднимается государственный флаг.

Все городские мероприятия приурочены к государственным праздникам проходят с исполнением государственного гимна.

В городской библиотеке на постоянной основе организованы книжные выставки «Тәуелсіз Қазақстан!», «Тәуелсіздік – тұғырым!».

Также ведется работа по пропаганде государственных символов через средства массовой информации. В городской газете «Приозерский вестник» опубликована 1 статья. На сайтах государственных органов размещены флаг и герб республики. В городе 12 объектов социальной рекламы, в том числе 1 цветовой пилон, 1 светодиодная конструкция с изображением государственных символов. В образовательных учреждениях города (5 ед.) имеются информационные стенды, классные уголки, проводятся открытые уроки, и другие мероприя-

тия, пропагандирующие государственные символы. Ежедневно, по понедельникам проходят общешкольные линейки с обязательным исполнением Государственного Гимна Республики Казахстан. В детских садах исполняют государственный гимн. В общеобразовательных школах СШ №1, №2, школе искусств и спорта с участием представителей общественности проводятся внеклассные мероприятия, посвященные государственным символам Республики Казахстан. Для учащихся 1-4 классов в феврале текущего года были проведены ознакомительные беседы о государственных символах, с наглядным показом элементов государственных символов. С участием учащихся 5-11 классов проведен круглый стол на тему «Ты знаешь символы своей страны?», творческий конкурс сочинений «Мемлекеттік рәміздер-Тәуелсіздіктің қасиетті белгісі» и другие.

5 марта текущего года рабочей группой областной комиссии по государственным символам проведена проверка состояния государственных символов в городе Приозерск.

Членами областной рабочей группы были посещены 13 организаций и учреждений:

Аппарат акима города Приозерск – руководитель аппарата акима Стамкул Н.А.

Аппарат Приозерского городского Маслихата – секретарь маслихата города Приозерск Сарсембеков Б.М.

Отдел внутренних дел г. Приозерск – руководитель Мусабеков Г.А.

Приозерский городской суд – председатель Адепбеков Б.А.

Отдел города Приозерск филиал РГП ЦОН по Карагандинской области – руководитель Балтышев Е.Т.

КГУ «Государственный архив г.Приозерск» руководитель – Кенесов Ж.К.

ГУ «Отдел внутренней политики города Приозерск» – Шарбекова Г.К.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» – руководитель Ким А.Л.

ГУ «Отдел строительства города Приозерск» – руководитель Есенжолов Ж.О.

ГУ «Отдел сельского хозяйства и ветеринарии» – руководитель Исатаев А.Н.

ГУ «Отдел образования, физической культуры и спорта» – руководитель Касимова Г.К.

КГКП «Школа искусств и спорта» – директор Попченко С.Б.

КГУ «Комплекс школа-детский сад №2» – директор Алтынбекова К.С.

Членами областной комиссии были проверены недостатки, выявленные в ходе предыдущей проверки (октябрь 2014г.). С учетом замечаний все недостатки устранены. Проверены планы работ городской комиссии, изучены протоколы заседаний и другая документация.

Городской комиссией будет усилена работа по пропаганде и применению государственных символов, формированию государственного стиля и обобщения практики их применения, формирования у населения уважительного отношения к государственным символам.

ГУ «Отдел внутренней политики города Приозерск»

ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

(соңы, басы 2 бет.)

–Жүкті әйелдердің алкогольді интоксикациясы, туа пайда болған ақаулар (жүректің туа пайда болған ақауы, аяқ-қолдардың анамалыясы, кылилық және т.с.с.) санының өсуіне әкеліп соғады;

–Алкоголь орталық жүйке жүйесін, бауырды, бүйректі, жүректі зақымдайды, дәрілердің әсерін бұрмалайды, қызмет қабілетін және ақыл-есін кемітіп, адамның жеке басын аздырады;

–Автомобиль апатының 30% көбінің себебі алкогольдік маскүнемдік болып табылады;

–Маскүнемдер арақ ішпейтіндерге қарағанда екі есе жиі ауырады. Бұрынғы кездерде де, қазіргі уақытта да маскүнемдікке қарсы әр түрлі шектеулер мен заңдлықтар қабылданған.

Ендеше, ағзамызды уламай, зиянды әдеттерден аулақ болайық!

Б. Малаева,

Приозерск қаласындағы нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы комиссиясының хатшысы

«Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы»

Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 5 ақпандағы № 5/1 қаулысы.
Қарағанды облысы Әділет департаментінде 2015 жылдың 5 наурызында № 3013 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Жарлығына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Н.А. Стамқұлға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

Приозерск қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 5 ақпандағы
№ 5/1 қаулысымен бекітілген

«Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Мекеме) жергілікті мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
3. Мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртанбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
4. Мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
5. Мекеме егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
6. Мекеме өз қызметінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіпмен Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген актілер қабылдайды.
7. Мекеменің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 101100, Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Пушкин көшесі, 7.
9. Мемлекеттік органның толық атауы: мемлекеттік тілде – «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі; орыс тілінде – государственное учреждение «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области».
10. Осы ереже Мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.
11. Мекеменің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
12. Мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен Мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұлғасында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады. Егер Мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Мекеменің миссиясы: қала әкімі мен әкімдігі қызметін сапалы және уақытылы ақпараттық-талдамалық, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету болып табылады.
14. Міндеттері:
 - 1) аудан әкімі және аппарат қызметкерлерінің қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
 - 2) аудан әкімі және аппарат қызметкерлерінің қызметін құқықтық қамтамасыз ету;
 - 3) аудан әкімі және аппарат қызметкерлерінің ұйымдастырушылық қызметін қамтамасыз ету.
15. Функциялары:
 - 1) Мекеменің жұмысын, әкімдік отырыстарын, кеңестерді, семинарларды және өзге де іс-шараларды өткізуді жоспарлайды, оларды даярлау мен өткізуді ұйымдастырады;
 - 2) атқарушы органдардың және қала әкіміне бағынышты лауазымды тұлғалардың жұмысын талдайды, сұралатын мәселелер бойынша қала әкіміне ақпарат дайындайды;
 - 3) ақпаратты жинауды, өңдеуді жүзеге асырады және қала әкімін әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша ақпараттық-талдамалық материалдармен қамтамасыз етеді;
 - 4) Мекеменің бөлімдеріндегі және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарындағы атқарушылық тәртіп жағдайына талдау жүргізеді, қала әкіміне хабарлайды;
 - 5) қала әкімі шешімдерінің және өкімдерінің, әкімдік қаулыларының жобаларын дайындайды;
 - 6) қала әкіміне, әкімдікке әкімнің шешімдеріне, өкімдеріне, әкімдік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оларды жою туралы ұсыныстар енгізеді;
 - 7) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыс әкімі мен әкімдігінің, қала әкімі мен әкімдігінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
 - 8) қала әкімі мен әкімдігі актілерінің заңнамаға сәйкестігіне заңды сараптама жүргізеді;

(жалғасы 5 бет.)

«Об утверждении Положения государственного учреждения «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области»

Постановление акимата города Приозерск от 5 февраля 2015 года № 5/1. Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области 5 марта 2015 года за № 3013.

Руководствуясь Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 27 ноября 2000 года «Об административных процедурах», в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 октября 2012 года № 410 «Об утверждении Типового положения государственного органа Республики Казахстан», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемое Положение государственного учреждения «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области».
2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на руководителя аппарата акима города Стамқул Н.А.
3. Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города

К. Камзин

Утверждено постановлением
акимата города Приозерск
от 5 февраля 2015 года № 5/1

Положение государственного учреждения «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области»

1. Общие положения

1. Государственное учреждение «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области» (далее – Учреждение) является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере местного государственного управления.
2. Учреждение осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.
3. Учреждение является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печать и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.
4. Учреждение вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.
5. Учреждение имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.
6. Учреждение по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает акты, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
7. Структура и лимит штатной численности Учреждения утверждаются в соответствии с действующим законодательством.
8. Местонахождение юридического лица: 101100, Карагандинская область, город Приозерск, улица Пушкина, 7.
9. Полное наименование государственного органа: на государственном языке – «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі; на русском языке – государственное учреждение «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области».
10. Настоящее Положение является учредительным документом Учреждения.
11. Финансирование деятельности Учреждения осуществляется из местного бюджета.
12. Учреждению запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями Учреждения. Если Учреждению законодательными актами представлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то доходы, полученные от такой деятельности, направляются в доход государственного бюджета.

2. Миссия, основные задачи, функции, права и обязанности государственного органа

13. Миссия: обеспечение качественного и своевременного информационно-аналитического, организационно-правового и материально-технического функционирования деятельности акима и акимата города.
14. Задачи:
 - 1) материально-техническое обеспечение деятельности акима района и работников аппарата;
 - 2) правовое обеспечение деятельности акима района и работников аппарата;
 - 3) организационное обеспечение деятельности аппарата акима и работников аппарата.
15. Функции:
 - 1) планирует работу Учреждения, проведение заседаний акимата, совещаний, семинаров и других мероприятий, организует их подготовку и проведение;
 - 2) анализирует работу исполнительных органов и должностных лиц, подчиненных акиму города, готовит акиму города информации по запрашиваемым вопросам;
 - 3) осуществляет сбор, обработку информации и обеспечивает акима города информационно-аналитическими материалами по социально-экономическим вопросам;
 - 4) проводит анализ состояния исполнительской дисциплины в отделах Учреждения и исполнительных органах, финансируемых из местного бюджета, информирует акима города;
 - 5) готовит проекты решений и распоряжений акима, постановлений акимата города;
 - 6) вносит предложения акиму города, акимату об изменениях и дополнениях в решения, распоряжения акима, постановления акимата и их отмене;
 - 7) осуществляет контроль за исполнением актов и поручений Президента Республики Казахстан, Правительства Республики Казахстан, акима и акимата области, акима и акимата города;
 - 8) проводит юридическую экспертизу актов акима и акимата города на соответствие законодательству;

(продолжение на стр. 5)



ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

«Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ережесі

(жалғасы, басы 4 бет.)

- 9) тұрақты негізде ведомствоға қарасты мемлекеттік органдарға тексерулер жүргізеді, қажет болған жағдайда тиісті лауазымды тұлғалардың ауызша түсініктемелерін тыңдайды және жазбаша түсініктемелерін талап етеді;
- 10) анықталған заңбұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдайды;
- 11) Мекеменің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын орындауы жөніндегі қызметін үйлестіреді;
- 12) тәртіптік, аттестаттау, конкурстық және кадр мәселелері жөніндегі өзге де комиссиялардың қызметін ұйымдастырады;
- 13) аттестаттауды және конкурстық іріктеуді жүргізу, Мекеменің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілерді қызмет бойынша жоғарылату, тәртіптік жауаптылыққа тарту, қызметінен босату рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 14) кадрларды іріктеуді ұйымдастырады, Мекеменің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметті өткеруіне байланысты құжаттарды ресімдейді;
- 15) мемлекеттік қызметте болуына байланысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 16) Мекеменің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамасын, тәлімгерлігін, қызметін бағалауды, оқуын, қайта даярлығын (қайта мамандануын) және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу түрлерін және оларды қолдану тәртібін әзірлейді;
- 17) Мекеменің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдары мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерін, бағалау, аттестаттау және оқудан өту нәтижелері туралы мәліметтерді есепке алуды жүзеге асырады;
- 18) қала әкімі және әкімдігінің қызметін құжаттамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 19) әкім және әкімдік шығарған актілерді тіркейді, нөмірлерді береді;
- 20) әкім және әкімдіктің, консультациялық-кеңес беру органдарының актілерін тиісті ресімдеуді және жіберуді қамтамасыз етеді;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс жүргізуді ұйымдастырады;
- 22) қызметтік құжаттар мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;
- 23) жеке тұлғаларды және заңды тұлға өкілдерін қабылдауды ұйымдастырады;
- 24) мемлекеттік тілді кеңінен қолдануға бағытталған шараларды қабылдайды;
- 25) жұмыстың тәсілі мен әдістерін жақсарту, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу жөніндегі жұмысты жүргізеді;
- 26) қала әкіміне бағынышты мемлекеттік басқару органдарының өзара әрекет етуін және қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді;
- 27) атқарушы орган құзыретіне жататын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына ішкі бақылауды қамтамасыз етеді;
- 28) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асырады және тіркеу туралы мәліметтерді Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқорға енгізеді;
- 29) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.
- 16. Құқықтары мен міндеттері:
- 1) соттарда, тиісті аумақта басқару тиімділігін арттыру мәселелері, мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара қарым-қатынастар бойынша әкімнің, әкімдігінің, Мекеменің мүдделерін білдіреді;
- 2) әкімнің, әкімдіктің және Мекеменің құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларынан және өзге де ұйымдардан қажетті ақпараттарды, құжаттарды және басқа да материалдарды сұратады және алады;
- 3) Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және басқа орталық атқарушы органдарының, облыс, қала әкімдері және әкімдіктерінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және мерзімінде орындайды;
- 4) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша уәкілетті органға тиісті ақпаратты ұсынады;
- 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтайды;
- 6) құзыретіне қатысты мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғаларға түсініктемелер береді;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

- 17. Мекемеге басшылықты Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.
- 18. Мекеменің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.
- 19. Мекеме бірінші басшының өкілеттігі:
- 1) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Мекеменің атынан өкілдік етеді;
- 2) Мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады және оған жүктелген функциялар мен міндеттерді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс әрекеттер шараларының қабылданбауына жеке жауап береді;
- 3) Мекеменің ережесін, оның құрылымы мен штаттық саны туралы ұсыныстарды әзірлейді және оларды қала әкіміне бекітуге енгізеді;
- 4) еңбекақы төлеу қорын үнемдеу шегінде Мекеменің қызметкерлеріне қосымша ақылар, материалдық көтерме ақылар (сыйақылар) белгілейді;
- 5) оның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- 20. Мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

- 21. Мекеменің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.
- Мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.
- 22. Мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.
- 23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Мекеме өзіне бекітілген мүлікті және қаржы-

(соңы 6 бет.)

Положение государственного учреждения «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области»

(продолжение, начало на стр.4)

- 9) проводит на постоянной основе проверки подведомственных государственных органов, при необходимости заслушивает устные и истребует письменные объяснения соответствующих должностных лиц;
- 10) принимает меры по устранению выявленных нарушений законодательства;
- 11) координирует деятельность Учреждения и исполнительных органов, финансируемых из местного бюджета, по исполнению законодательства Республики Казахстан о государственной службе;
- 12) организует деятельность дисциплинарной, аттестационной, конкурсной и иных комиссий по кадровым вопросам;
- 13) обеспечивает соблюдение процедур проведения аттестации и конкурсного отбора, продвижения по службе государственных служащих Учреждения и исполнительных органов, финансируемых из местного бюджета, привлечения к дисциплинарной ответственности, увольнения;
- 14) организует отбор кадров, оформляет документы, связанные с прохождением государственными служащими Учреждения и исполнительных органов, финансируемых из местного бюджета, государственной службы;
- 15) обеспечивает соблюдение ограничений, связанных с пребыванием на государственной службе;
- 16) организует стажировку, наставничество, оценку деятельности, обучение, переподготовку (переквалификацию) и повышение квалификации государственных служащих Учреждения и исполнительных органов, финансируемых из местного бюджета, разрабатывает виды поощрений государственных служащих и порядок их применения;
- 17) осуществляет учет персональных данных государственных служащих Учреждения и исполнительных органов, финансируемых из местного бюджета, сведений о результатах оценки, аттестации и прохождения обучения;
- 18) осуществляет документационное обеспечение деятельности акима и акимата города;
- 19) ведет регистрацию актов, изданных акимом и акиматом, присваивает им номера;
- 20) обеспечивает надлежащее оформление и рассылку актов акима и акимата, консультативно-совещательных органов;
- 21) организует делопроизводство в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
- 22) рассматривает служебные документы и обращения физических и юридических лиц;
- 23) организует прием физических лиц и представителей юридических лиц;
- 24) принимает меры, направленные на широкое применение государственного языка;
- 25) проводит работу по улучшению стиля и методов работы, внедрению новых информационно-коммуникационных технологий;
- 26) обеспечивает взаимодействие и координацию деятельности органов государственного управления, подчиненных акиму города;
- 27) обеспечивает внутренний контроль за качеством оказания государственных услуг, входящих в компетенцию исполнительных органов;
- 28) осуществляет регистрацию актов гражданского состояния и вносит сведения о регистрации в Государственную базу данных о физических лицах в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;
- 29) осуществляет другие функции в соответствии с действующим законодательством.
- 16. Права и обязанности:
- 1) представлять интересы акима, акимата, Учреждения в судах, во взаимоотношениях с государственными органами, организациями по вопросам повышения эффективности управления на соответствующей территории;
- 2) в пределах своей компетенции запрашивать и получать необходимую информацию, документы и иные материалы от должностных лиц государственных органов и других организаций в пределах компетенции акима, акимата и Учреждения;
- 3) исполнять качественно и в срок акты и поручения Президента, Правительства Республики Казахстан и иных центральных исполнительных органов, акимов и акиматов области, города;
- 4) предоставлять соответствующую информацию в уполномоченный орган по оценке качества оказания государственных услуг;
- 5) соблюдать нормы действующего законодательства Республики Казахстан;
- 6) давать физическим и юридическим лицам разъяснения по вопросам, отнесенным к компетенции;
- 7) осуществлять иные права и обязанности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Организация деятельности государственного органа

- 17. Руководство Учреждением осуществляется первым руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Учреждение задач и осуществление им своих функций.
- 18. Первый руководитель Учреждения назначается на должность и освобождается от должности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
- 19. Полномочия первого руководителя Учреждения:
- 1) представляет Учреждение в государственных органах, иных организациях;
- 2) организует и руководит работой Учреждения и несет персональную ответственность за выполнение возложенных на него функций и задач, а также за принятие мер по противодействию коррупции;
- 3) разрабатывает Положение Учреждения, предложения по его структуре и штатной численности и вносит их акиму города на утверждение;
- 4) устанавливает доплаты, материальное поощрение (премии) сотрудникам Учреждения в пределах экономии фонда оплаты труда;
- 5) осуществляет иные полномочия в соответствии с законодательством Республики Казахстан по вопросам, отнесенным к его компетенции.
- 20. Исполнение полномочий первого руководителя Учреждения в период его отсутствия осуществляется лицом, его замещающим в соответствии с действующим законодательством.

4. Имущество государственного органа

- 21. Учреждение может иметь на праве оперативного управления обособленное имущество в случаях, предусмотренных законодательством.
- Имущество Учреждения формируется за счет имущества, переданного ему собственником, а также имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.
- 22. Имущество, закрепленное за Учреждением, относится к коммунальной

(окончание на стр.6)

**«Қарағанды облысы Приозерск қаласы
әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің
ережесі**

(соңы. басы 4-5 бет.)

ландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. Мемлекеттік органды
қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Мекеменің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**ҚР Ұлттық музейінің
ұйымдастыруымен өтетін
«Тарихи фотосуреттер»
республикалық фотобайқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Байқаудың тақырыбы

Қазақ хандығының 550 жылдығы;
Жеңістің 70 жылдығы;
ҚР Конституциясының 20 жылдығы;
Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы;

Мақсаты:

Тарихымыздағы атаулы даталардың фотоқұжаттарын жасап, Ұлттық музей қорына жинақтау.

Қазақ тарихының аса маңызды оқиғаларына қоғам назарын аудару, осы арқылы жас ұрпақтың өткенімізге деген құрметін арттыру;

Байқаудың шарттары:

1. Байқауға кәсіби және әуесқой фотографтар қатыса алады, жасына шектеу қойылмайды.
2. jpg (jpeg) форматындағы түпнұсқа фотосуреттер қабылданады. Көлемі 300*1200-дан кем болмауы керек.
3. Байқауға ақ-қара түсті суреттер де қабылданады.
4. Фотоколлаж, арнайы эффекттермен өңделген фотосуреттер қабылданбайды.
5. Байқауға сапасыз, талапқа сай келмейтін фотосуреттер қатыстырылмайды.
6. Байқауға қатысушы әрбір тақырып бойынша 3 фотосуреттен, барлығы 12 фотосурет жолдауы тиіс.
7. Фотосуреттер қатысушы жайлы толық ақпаратпен (аты-жөні, тұрғылықты жері, жұмыс орны, байланыс телефондары, фотосуреттің тақырыптық атауы, қайда, қашан түсірілгені туралы т.б) қоса электронды поштамызға жіберілуі тиіс.
8. Байқауға фотосуреттер жіберу арқылы қатысушы байқау ережесінде көрсетілген барлық талаптармен келісетіндігін растайды. Яғни, байқауға қатысушы өзі жайлы ақпараттардың және оның фотосуреттерінің жариялануына қарсы еместігін мақұлдайды. Қазақстан Республикасының Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңның талаптарын толықтай сақтайтынына кепілдік береді. Авторлық құқық мәселесіне байқауға қатысушы тарап жауапты.
9. Суреттер арнайы мамандардан жасақталған қазылар алқасымен іріктеліп алынады.

Байқауға қатысатын фотосуреттерді іріктеу шарттары

Байқау ережесінде көрсетілген барлық тақырыптардың қамтылуы;
Көркемдік шешімнің сонылығы, байқау тақырыптарын ерекше жеткізу;
Фотосуреттің сапалылығы: бейненің анықтығы, дәлдігі;
Фотосуреттерді әзірлеудегі кәсіби көркемдік талғам.

Байқау жүлдесі

- 1-орын 200 мың теңге (оған қоса, 1-орын иегерінің фотоларынан Ұлттық музейде жеке фотокөрсмесі ұйымдастырылады)
- 2-орын 200 мың теңге.
- 3-орын 100 мың теңге.

Байқаудың мерзімі

Байқау III кезеңнен тұрады:

- 1-кезең. Фотосуреттерді байқауға қатысушылардан қабылдау – 2015 жылғы 16-ақпаннан 30-қазанға дейін.
- II-кезең. Фотосуреттерді іріктеу, бағалау – 2015 жылғы 10-қарашаға дейін.
- III-кезең. Фотобайқау жеңімпаздарын марапаттау – 2015 жылғы 20-қарашада өтеді.

**Ұйымдастыру комитеті
және байқаудың қазылар алқасы**

1. Байқаудың ұйымдастыру жұмыстарын Байқаудың қазылар алқасының қызметін атқаратын Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитетінің құрамын Ұлттық музей директоры бекітеді.
2. Ұйымдастыру комитеті ұсынылған материалдарға талдау жасап, бағалап, ең үздік материалдарды анықтайды және Фотобайқаудың жеңімпаздарын марапаттауды ұйымдастырады.
3. Қазылар алқасы тарихшы-ғалымдар, белгілі кәсіби фотографтардан жасақталады.
4. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмысын фотобайқаудың барлық тақырыбы бойынша бағалайды.
5. Қазылар алқасының әрбір мүшесі қарастырылған жұмыстар бойынша хаттама толтырады.
6. Ұйымдастыру комитеті қосымша номинацияларды, арнайы жүлделерді, ынталандыру дипломдарын жариялай алады.

Байланыс

Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 54 үй,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің
Аппараттық-имидждік орталығы.

Email: ulttyqmuzei@mail.ru

Тел: 8(7172)91-90-35 (ішкі 344).

**Положение государственного учреждения
«Аппарат акима города Приозерск Карагандинской
области»**

(окончание. начало на стр.4-5)

собственности.

23. Учреждение не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.

**5. Реорганизация и упразднение
государственного органа**

24. Реорганизация и упразднение Учреждения осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

**ПРАВИЛА
проведения республиканского фото-
конкурса «Исторические фотографии»,
организованного
Национальным музеем РК**

Темы конкурса:

- 550-летие Казахского ханства;
- 70-летие Великой Победы;
- 20-летие Конституции РК;
- 20-летие Ассамблеи народа Казахстана;

Цели:

Создание архива фотодокументов памятных дат истории отечества в Национальном музее РК.

Обратить внимание общественности на значимые события истории казахского народа и воспитать у подрастающего поколения уважения к историческому прошлому;

Условия конкурса:

1. В конкурсе могут участвовать профессиональные фотографы и фотографы-любители без ограничения по возрасту.
2. Принимаются оригиналы фотографий в формате jpg (jpeg) разрешением не менее 300*1200.
3. К конкурсу допускаются цветные и черно-белые фотографии.
4. Не принимаются: фотоколлажи; фотографии, обработанные спецэффектами.
5. Некачественные, несоответствующие требованиям фотографии не принимаются к участию в конкурсе.
6. Участник конкурса должен охватить все предложенные темы и представить по 3 фотографии по каждой теме, всего 12 фотографий.
7. В аннотации к фотографии должны быть указаны полное имя автора фотографии, название фотографии, место, где был сделан снимок и год.
8. Отправляя работу на конкурс, участник конкурса подтверждает согласие со всеми пунктами данных правил. Участник конкурса согласен на публикацию его фотографии, ее названия, сведений об авторе. Конкурсант гарантирует соблюдение законодательства Республики Казахстан об авторском праве и смежных правах. За достоверность авторства работы ответственность несет лицо, приславшее работу на конкурс.
9. Отбор фотографий и определение победителей будет производиться судейской комиссией.

**Критерии оценки работ, представленных
на конкурсе фотографий:**

- отражение всех тем конкурса;
- оригинальность образного решения, оригинальная форма представления темы конкурса;
- качество изображения: четкость, ясность изображения;
- художественный вкус, проявленный при подготовке работы.

Призовой фонд конкурса:

- 1 место – 200 тыс. тенге и персональная выставка автора в Национальном музее РК.
- 2 место – 200 тыс. тенге.
- 3 место – 100 тыс. тенге.

Сроки проведения конкурса:

- I этап – прием фотографий от участников конкурса – с 16 февраля до 30 октября 2015 года.
- II этап – отбор и оценивание фотографий – до 10 ноября 2015 года.
- III этап – награждение победителей фотоконкурса – 20 ноября 2015 года.

**Организационный комитет
и судейская коллегия конкурса**

1. Подготовка и проведение конкурса осуществляет организационный комитет (далее - оргкомитет). Состав оргкомитета утверждается директором Национального музея РК.
2. Оргкомитет конкурса обеспечивает организационные, координационные условия проведения конкурса на всех этапах:
 - 1) обеспечивает работу судейской коллегии конкурса;
 - 2) информирует участников конкурса;
3. В состав судейской коллегии входят сотрудники Национального музея, ученые-историки, известные профессиональные фотографы.
4. Судейская коллегия конкурса оценивает работы участников конкурса по каждой теме.
5. Каждый член судейской коллегии заполняет и подписывает протокол.
6. Оргкомитет может присудить дополнительные номинации, специальные призы, поощрительные дипломы.

Контакты:

Г. Астана, пр. Тауелсіздік, 54
Национальный музей Республики Казахстан
Центр информационно-имиджевой работы.
Email: ulttyqmuzei@mail.ru Тел: 8(7172)91-90-35 (вн. 344).

